

*Ақпараттық хат*  
**ClimateLaunchpad халықаралық байқауы**

«Ғылым қоры» АҚ (бұдан әрі – Ғылымқоры) NU GreenCampus және «Назарбаев Университет» ДББ «Astana Business Campus» инновациялық кластерімен бірлестікте қазақстандық ғалымдар мен кәсіпкерлерге ClimateLaunchpad 2019 халықаралық байқауына қатысуды ұсынады.

Байқауды Еуропалық одақтың климат және инновациялар облысындағы негізгі бастамасы болып табылатын Climate-KIC ұйымдастырған. 2019 жылы Climate-KIC байқауына 50 ел қатысады.

ClimateLaunchpad – «жасыл» технологиялар облысындағы бизнес-идеялардың аса ірі халықаралық байқауы, ол жаңғыртылатын энергия, азық-түліктің тұрақты өндірісі және қоршаған ортаны қорғау технологиялары облысындағы жобаларды енгізу арқылы қоршаған орта мен климатқа теріс әсерді төмендетуді көздейді.

Байқауға қоршаған ортаны жақсартуға және қорғауға бағытталған идеялары мен жобалары бар зерттеушілер, студенттер, магистранттар, докторанттар, ШОБ өкілдері, жеке кәсіпкерлер және басқа тұлғалар қай салаға жататындығына тәуелсіз қатыса алады.

Байқаудың мақсаты – жарқын, перспективті идеяларды тауып, олардың тұрақты бизнес-жобаға дамуына көмек көрсету. Байқаудың жартылай финалына шыққандар стартап компанияларды дамыту және жобаға инвестициялар тарту облысындағы жетекші халықаралық және отандық жаттықтырушылардан машықтанудан өту мүмкіндігіне ие болады. Жаттықтырулар аяқталған соң сертификаттар берілетін болады.

Байқаудың Ұлттық финалының 2 жеңімпаз командасы 2019 жылғы қарашада өтетін Халықаралық финалға Қазақстан атынан қатысады.

**Өтінімдер 2019 жылғы 15 сәуірден бастап 31 мамырға дейін қабылданады.**

Нышанды толтыру және өтінім беру үшін <https://climatelaunchpad.org/application-form/> сілтемесімен өтуге болады. Өтінім ағылшын тілінде толтырылады.

*\* Өтінім нышанын толтыру кезінде Қазақстан азаматтары, сонымен қатар форум өтетін кезеңде Қазақстанда болатындардың барлығы өтінім беретін ел ретінде Қазақстанды көрсетуі тиіс.*

Байқауды өткізу шарттары және мерзімдері 1 және 2 қосымшаларда ұсынылған.

Егер Сіздің өтінім толтыру бойынша немесе байқауға қатысу жөнінде басқа сұрақтарыңыз бар болса, + 7 7172 76 85 54 телефоны бойынша қоңырау шалуыңызға немесе [climatelaunchpadkz@gmail.com](mailto:climatelaunchpadkz@gmail.com) электрондық мекенжайына жазуыңызға болады.

Қосымшалар:

1. ClimateLaunchpad байқауы туралы ақпарат
2. ClimateLaunchpad байқауы туралы таныстырылым

*ClimateLaunchpad байқауына қатысу Сізге не береді:*

- ✓ Байқауға қатысу Сіздің идеяңыздың тартымдылығын және оны іске асыруға болатындығын тексеру мүмкіндігі болып табылады.
- ✓ Байқаудың Қазақстандағы Ұлттық финалына қатысу үшін іріктеліп алынған он үздік команда стартап компанияларды дамыту бойынша Climate-KIC жетекші шеберлері жүргізетін жаттықтырудан өту, сонымен қатар технологиялық кәсіпкерлік және бизнесті дамыту облысының кәсіби мамандары өткізетін алты қосымша сессияға қатысу бірегей мүмкіндігіне ие болады.
- ✓ Қазақстандағы Ұлттық байқаудың екі жеңімпаз командасы байқаудың 2019 жылғы қарашада өтетін халықаралық финалына бару мүмкіндігіне ие болады.
- ✓ Байқаудың халықаралық финалында командалар өздерінің бизнес-идеяларымен Еуропалық инновациялар және технологиялар институты Climate-KIC акселераторының өкілдерін және инвесторларды таныстыра алады.
- ✓ Үздік жобалар халықаралық инвесторлардың көп саны кіріп қарайтын байқау сайтына орналастыралды.
- ✓ Халықаралық финалдың үздік 10 командасы Еуропалық инновациялар және технологиялар институты Climate-KIC акселераторына тікелей қолжетімділік алады.
- ✓ Және ең ақырында, байқаудың халықаралық финалында 1, 2, 3 орын алғандар тиісінше €10000, €5000 және €2500 мөлшерінде ақшалай сыйлық алады.

**ClimateLaunchpad байқауына қатысу үшін өтінім беру шарттары**

*Байқауға қатысу үшін негізгі іріктеу критерийлеріне сәйкес болу қажет:*

- Байқауға зерттеушілер, студенттер, магистранттар, докторанттар, ШОБ өкілдері, жеке кәсіпкерлер және басқа тұлғалар қатыса алады
- Өтінім құрамы 2 адамнан аспайтын команда атынан беріледі;
- Команда мүшелері ағылшын тілін еркін меңгерген болуы тиіс, өйткені байқау және жаттықтырулар ағылшын тілінде өткізілетін болады;
- Идея тек қағазда ғана бола алады немесе Сіздің бизнесіңізге бір жылдан аспауы керек;
- Жобаның (идеяның) дамуының қазіргі кезеңінде өнімдерді, техникалық шешімдерді немесе түп тұлғаларды коммерциялық іске асыру жүзеге асырылмайды;
- Бизнес-идеяны дамыту үшін бұдан бұрын жалпы қаржыландыру көлемі 200 мың еуродан аспайтын сома тартылған болуы мүмкін (жобаны іске асыру үшін бұдан бұрын венчурлық қаржыландыру алынбаған болуы тиіс)
- Байқауға қатысу үшін берілетін бизнес-идея үшінші тараптардың зияткерлік құқықтарын бұзбауы тиіс.

Байқауға қатысу үшін <https://climatelaunchpad.org/application-form/> сілтемесімен өтіп, өтінім беру керек.

Өтінімдер **2019 жылғы 15 сәуірден бастап 31 мамырға дейін** (қоса) қабылданады.

Өтінім ағылшын тілінде толтырылады. Өтінімге Сіздің бизнес-идеяңыз туралы кемінде 3 минуттық бейнекөрініс тіркелуі қажет.

*\* Өтінім нышанын толтыру кезінде Қазақстан азаматтары, сонымен қатар форум өтетін кезеңде Қазақстанда болатындардың барлығы өтінім беретін ел ретінде Қазақстанды көрсетуі тиіс.*

Сіздің өтінішіңіз байқаудың Ұлттық финалына қатысу үшін іріктеліп алынған жағдайда, байқауды өткізумен байланысты барлық іс-шараларға 100% қатысу талап етілетін болады:

1. 2019 жылғы 15-16 шілдеде (күндері өзгертілуі мүмкін) старт-ап компанияларды дамыту бойынша Climate-KIC жетекші менторларының екі күндік жаттықтырулары;

2. 2019 жылғы шілде-тамызда (нақты күндері кейінірек анықталатын болады)технологиялық кәсіпкерлік және бизнесті дамыту облысының арнайы тартылған кәсіби мамандары өткізетін алты қосымша сессия;

3. 2019 жылғы қыркүйекте (нақты күндері кейінірек анықталатын болады) ClimateLaunchpad байқауының Қазақстандағы Ұлттық финалы;

4. 2019 жылғы қарашада нақты күндері кейінірек анықталатын болады) ClimateLaunchpad байқауының Халықаралық финалы.